

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Актюбинский региональный государственный
университет имени К.Жубанова**

17 қазан, 2014 жыл

**«Дінтану» пәнін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»
атты**

Республикалық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции

**«Научно-педагогические основы преподавания дисциплины
«Религиоведение»**

17 октября, 2014 года

Ақтөбе - 2014

ББК 86.2

міндеті де осы. Қазақ даласына ислам өз мәні мен табиғатында орын алуында Иасауи ілімінің орны, қызметі естен шықпауы тиіс.

ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ДІНТАНУДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Сатершинов Б.М.

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институты «Дінтану» бөлімінің меңгерушісі, ф.с.ғ.д., доцент*

Бижанова М.А.

Алматы Технологиялық Университеті, ф.с.ғ.к., доцент

Діни сана мәселесі төңірегіндегі өткір де, өзекті мәселелердің бірі – оның Қазақстан мәдениетіне, әсіресе қазақ халқының дәстүріне сай қалыптасуы. Бұл төзімділігімен ерекшеленетін және өзге діни сенімдермен сұхбатқа ұмтылатын ханафи мазһабының негізгі қағидаларын концептуалды деңгейде зерттеу қажеттігін білдіреді. Қазақи дәстүрге тән исламның рухани бастауын ғылыми тұрғыдан қарастыру қарапайым діни сана деңгейіне ықпал етіп, діни идеологияның радикалды элементтерімен қатар, фанатизм және экстремизмнің қатеріне қарсы тұруға ықпал етеді. Қоғамдағы діни мәселенің осындай өзектілігі ғылымдағы сұранысты туғызды. Қоғам мен заман тудырған талаптарға сай елімізде дінтану ғылымы қалыптасып келеді.

Діни дүниетанымды дінтану ғылымы қалай зерттейді, оның әдіснамасының қандай ерекшеліктері бар деген сұрақтар туындайды. Ең алдымен, дінтану пәнінің дербес ғылым саласы әрі жеке пән ретінде ХІХ ғасырдан бері қалыптасқанын және оның дін негіздерімен салыстырғанда зайырлы сипатта екенін, сондай-ақ оның жаңазамандық батысеуропалық ғылыми түбірге ие екендігін бірден ескерткен жөн. Десек те философиялық, теологиялық, тарихи, психологиялық тұрғыдағы дінтанулық білімнің бүкіл орта ғасырлар бойы қалыптасқанын айту керек. Ол онтология мен таным теориясының, әлеуметтік философия мен тарих философиясының, этика мен эстетиканың, әлеуметтану мен саясаттанудың, лингвистика мен психологияның, мәдениеттану мен тарихтың, этнология мен археологияның түсіндірілуінен бөлініп шықты. Дінтанулық білімнің мазмұны мен құрылымы да осымен байланысты. Бүгінгі күнгі дінтанудың пәні дін және оның әр алуан формаларын, діннің пайда болу, дамуы мен қызмет етуінің заңдылықтарын, қоғам мен мәдениет тарихындағы орны мен рөлін зерттеуді білдіреді. Ол дінді тұлға, топ, қоғам деңгейлерінде зерделейді.

Зайырлы сипатта оқытылатын дінтанудың басты ерекшелігі – оның нақты ғылымдардағы негізгі ұғымдармен қатар, философиялық мазмұнға ие

болуымен де түсіндіріледі. Адам, әлем және қоғам туралы сөз қозғағанда ол міндетті түрде философиялық-дүниетанымдық мәселелерге жүгінеді. Бұл мәселелерді қарастырғанда әлемдік философиялық мұраға, жаратылыстық және қоғамдық ғылымдардың тарихына, сонымен қатар, қазіргі ғылыми-техникалық төңкерістің жетістіктеріне, діннің ғылыми түсіндірмесіне сүйенеді. Қазіргі медицинадағы, биотехнологиядағы, кибернетикадағы, астрофизикадағы, гендік инженериядағы және т.б. салалардағы жетістіктер тиісінше діни дүниетанымдық мәселелердің шешімін қажет етеді.

Бүгінгі дінтанудың құрылымы мынадай негізгі бөлімдерден тұрады: дін философиясы, дін социологиясы, дін психологиясы, дін феноменологиясы және дін тарихы. Бұлардың ішінде дін философиясы негізгі бөлім болып табылады және ол дінтанудың арнайы пән мен ғылым саласы ретінде пайда болуына ықпал етті. Тарихи-философиялық үдерісте ортағасырлық мұсылман ойшылдарынан (тіпті ертеректе, антик ойшылдарынан, кейінірек әл-Кинди, әл-Фараби, ибн Сина, әл-Газали, ибн Рушд және т.б.) басталған діни проблематика XVIII-XIX И. Канттың, Ф. Шлейермахердің, Г.Ф.Г. Гегельдің, Л.А. Фейербахтың, К. Маркстің, Э. Гартманның, К.П. Тилениң, С. Кьеркегордың, В.С. Соловьевтің және басқаларының еңбектерінде дінтанулық арнаға түсті. XX ғасырда діни тақырып Батыста натурализм, материализм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм, аналитикалық философия, философиялық антропология, персонализм, неотомизм сынды қандай да бір негізқұраушы ұстынды жетекшілікке алған философиялық концепциялар тұрғысында қозғалды.

Дін философиясының діни философиядан айырмашылығы бар. Діни философияның мазмұнын Құдай мен әлем туралы (онтология және метафизика), адам туралы (антропология), қоғам туралы (социология, историософия), таным туралы (гносеология), құндылықтар туралы концепциялардың, идеялардың, ұғымдар мен түсініктердің діни дүниетанымдық ұстындарынан тұратын жиынтық құрайды. Ал дін философиясының мынадай маңызды мәселелік қырларын атап айтуға болады: 1) дінтанулық білімдердің жалпы жүйесіндегі дін философиясының мәртебесі айқындау, дінді философиялық пайымдаудың ерекшеліктері, метапроблеманы табу; 2) діннің философиялық ұғымының мәнін зерттеу; 3) діннің онтологиялық және гносеологиялық негіздері мен алғышарттарын зерделеу; 4) діни дүниетанымның, болмыс пен танымның, тіл мен ойлаудың ерекшеліктерін талдау; 5) Құдай туралы теистік ілімдердің мазмұнын ашу, оның болмыстық түпнегіздерін анықтап, басқа да субстанционалдық парадигмалармен салыстыру; 6) діни философияның ерекшелігі мен мазмұнын ашу.

Дін социологиясын келер болсақ, ондағы мынадай бірқатар бағыттарды байқауға болады: әлеуметтік әрекеттің «түсінуші социологиясы», компаративтік-типологиялық бағыт, құрылымдық-функционалдық бағыт, феноменологиялық бағыт, «формалды социология», эмпирикалық-дескриптивтік бағыт және т.б. Социология дінді қоғамдық жүйенің бір

денгейі зерттейді, діннің қоғамдық негіздерін, оның пайда болуының, дамуы мен қызмет етуінің қоғамдық заңдылықтарын, діннің элементтері мен құрылымын, оның қоғамдық жүйедегі функциясы мен рөлін, оның басқа элементтерге және бұл соңғыларының дінге әсер етуін зерделейді. Дін социологиясы дінді теориялық тұрғыда да, эмпирикалық деңгейде де қарастырады, адамдардың діни амалын олардың діни санасымен бір тұтастықта талдайды. Діннің социологиялық теориясының құрамына мыналар кіреді: 1) діннің қоғамдық-мәндік сипаттамаларын, индивидтер мен топтың және қоғамның өмірқамы мен оның тарихындағы діннің негіздерін айқындайтын фундаменталды қағидалар; 2) діни сана, табынушылық, қарым-қатынас, бірлестіктер мен ұйымдар, яғни діннің әртүрлі феномендері туралы білім; 3) «діндарлық», «діни құлық», діндарлық типтері» тәрізді ұғымдар мен эмпирикалық тұжырымдардың жиынтығы; 4) дін саласындағы нақты-социологиялық зерттеулердің әдістемесі. Дін социологиясында абстракциялау, қорыту, үлгілеу, экстраполяция, салыстырмалы-тарихи талдау, әртүрлі құжаттар мен мұрағат материалдарын талдау, сауалнама (сұхбат, анкета тарату), бақылау, топтау, жіктеу, контент-анализ және тағы басқа теориялық және эмпирикалық әдіс-тәсілдер қолданылады.

Дін психологиясында дінді зерттеудің жалпыпсихологиялық тар, әлеуметтік-психологиялық та тәсілдері қолданылады. Бұл пән индивидуалдық топтық және қоғамдық психологияда діни құбылыстардың пайда болуын, дамуы мен қызмет етуін, бұл құбылыстардың мазмұны мен құрылымын, бағыты мен бағдарын, олардың діни кешендегі орны мен рөлін, сондай-ақ олардың діни емес өмірқамына тигізетін әсерін зерттеумен айналысады. Діннің психологиялық теориясына мыналар жатады: 1) діннің психологиялық негіздері туралы ілім; 2) тұлға мен топқа тән діни-психологиялық құбылыстардың (қасиеттердің, үдерістердің, жағдайлардың) ерекшелігін айқындайтын қағидалар жиынтығы; 3) діни-психологиялық тәжірибенің әр алуандылығын ашу; 4) діни әрекет пен қатынастардың – діни құлшылықтың, уағыз бен оқытудың, діндарлар қарым-қатынасы мен тәрбиесінің психологиялық қырларын талдау; 5) діндарлықты психологиялық зерттеудің әдістемесі. Үрдістер мен жағдайлар, жекелей қасиеттер индивидтің қандай да бір қоғамдық жүйеге, тапқа, демографиялық және кәсіби топқа, этносқа, діни қауымға тиесілігімен байланыста талданады.

Дін психологиясында бихевиоризм, гештальтпсихология, интеракционизм, психоанализ (фрейдизм и неофрейдизм), когнитивизм, «гуманистік психология», трансперсонализм, мәдени-тарихи теория, конфессионалды психология ауқымында психологиялық экзегетика, пастырлік психотерапия және тағы басқа әдістер қолданылады.

Дінтанудың басқа бөлімдерімен салыстырғанда дін феноменологиясы дербес сала ретінде толық қалыптаса қоймаған. Феноменологияның пәні және оның теологиямен, дін тарихы және философиясымен өзара қатынасы мәселелері төңірегінде пікірталастар әлі жалғасуда. Дегенмен, дін феноменологиясындағы басты ұғымдар «қасиеттілік» пен «кәдуілгілік»

аракатынасы екені белгілі болды. Дін феноменологиясы практикалық тұрғыда өзара әрекет пен коммуникацияда болатын индивидтердің түсініктерін, идеялары мен мақсаттарын жүзеге асушы діни мән-мағыналар тұрғысынан сәйкестендіреді. Соның негізінде діни құбылыстарды түсіндіреді, салыстыру мен теңестіру көмегімен оларды жіктеп, жүйелі сипаттама береді. Дін феноменологиясында қалыптасқан екі дәстүр бар – дескриптивті және интерпретативті.

Дінтанудың бөлімі ретіндегі дін тарихы, дін философиясы сияқты, аталған үш тараудан бұрынырақ қалыптасты. Білімнің бұл саласы өзінің бай да әр алуан көрінісіндегі діни құбылыстарды уақыт ағымында қарастырады. Адамзат тарихында өмір сүрген діндер туралы ақпарат беріп, олардың нақты формаларының өткенін жаңғыртады. Зерттеу діннің жалпы тарихы, нақты бір діннің немесе конфессияның тарихы арнасында жүргізіледі.

Демек, дінтанулық білім тек философиялық біліммен ғана шектеліп қалмай, әлеуметтанулық, психологиялық, семиотикалық, тарихи және басқа да компоненттерді өз бойына енгізетін кешенді білім жүйесі болып табылады. Осыған қарап, дінтануды дербес сала ретінде қарастырмауды ұсынатын пікірлер кездеседі. Әрине, мұндай пікір жалпы алғанда ғылымдардың дифференциациясын да, ғылымдардың өз ішіндегі жіктелуінің де жалпы үдерісін жоққа шығарумен бірдей. Дінді аталмыш ғылымдар өз тараушаларында қарастыруына болады, бірақ онда ол қажеттілігіне қарай басқа білімдерден ажыратылған арнайы қолданбалы сипатта қалады, ал дінтануда бұл нысан жан-жақты байланыстағы негізгі нысан болып табылады.

Сондай-ақ дінтануды тек эмпирикалық ғылым ретінде қарастыратын пікірлер де бар. Бұл дінтануды философиядан ажыратып алуға тырысушылықты білдіреді, ал оқулықтарда арнаулы тарау болмаса да, философияның тарихында қашанда діни дүниетанымдық әмбебаптардың болғаны баршаға белгілі.

Әрине, философия мен дінтанудағы дін философиясының мәртебесі мен байланысы бірдей емес: философияда бұл ортақ дүниетанымдық әмбебаптар тікелей онтология және гносеологиямен, сондай-ақ әлеуметтік философия, логика, этика, эстетика сынды философиялық пәндерден аңғарылса, дінтануда дін философиясы діннің социологиясын да, психологиясын да, феноменологиясын да, тарихын да қамтып, дін туралы әркімге де әрденгейлі білімдерді бір жүйеге біріктіріп тұратын басты интегратор болып табылады. Философия діннің терең де мәнді қасиеттері мен белгілерін ашып көрсетсе, басқа аталған тараулар объектінің әртүрлі феномендердегі қырларын айқындайды.

Теориялық дінтану және тарихи дінтану деп те жіктелінеді, мұның біріншісі нысанның концепциясын ұсынып, ұғымдық аппаратын жасақтаса, екіншісі оның диахронды және синхронды бейнесін жасайды. Теориялық дінтануды эмпирикалық дінтанумен де салыстырады. Бұл жағдайда теориялық дінтану терең заңдылықтар мен мәнді ашса, эмпирикалық дінтану

діннің сыртқы кұбылыстарын зерделейді. Дін туралы ілімдер діни (конфессионалды) және діни емес (конфессионалды емес) деп те бөлінеді. Діни ілімге тікелей теологтардың және үлем болмаса да діни дүниетаным ұстанымында тұрған зерттеушілердің еңбектері жатқызылса, діни емес бағыт өзін қандай да бір конфессиядан алшақ ұстайтындардың шығармалары жатқызылады. Алғашқысы тікелей діни мүдде тұрғысынан, дінді «іштей» қарастырса, екіншісі дінді «сырттан» зерделейтін дүниетанымдық бағдарға негізделеді.

Дінтануда қолданылатын терминдер мен дүниетанымдық ұғымдарды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы, біріншісі – «болмыс», «сана», «таным», «ақиқат», «адасушылық», «қиял», «қоғам», «мәдениет», «материалдық және рухани өндіріс» деген тәрізді жалпыфилософиялық және әлеуметтік-философиялық категориялар. Екінші логикадан, этика мен эстетикадан енген терминдер: «белгі», «мағына», «ар-ождан», «жауапкершілік», «қайырымдылық», «әдемілік», «көркемдік» және т.б. Үшіншіден, әдетте, кез келген нысанды ғылыми талдағанда қолданылатын «жүйе», «құрылым», «функция», «рөл», «заң» деген тәрізді жалпығылыми түсініктер. Төртіншіден, «заман», «күқык», «сенім», «тіл», «өмір», «өлім» нақты бір ғылымдарға тән ұғымдар. Бесіншіден, арнайы дінтанулық ұғымдар мен сөздер, мысалы: «дін», «теология», «табынушылық», «кұлшылық», «ғибадат», «мешіт», «шіркеу», «храм», «конфессия», «дұға». Сондай-ақ, «Құдай», «жұмақ», «тозақ», «періште», «карма» терминдері ерекше мәнге ие болады, олардың ғылыми түсінігі діни түсініктен өзгешеленуі мүмкін. Алтыншыдан бұл діндегі трансформациялық үрдістерді білдіреді, мысалы, «сакрализация», «клерикализация», «секуляризация», «модернизация», «реформаторлық» және т.б.

Дінтанулық зерттеуде жалпы философиялық та, жеке ғылыми да әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Әсіресе, тарихилық пен логикалықтың бірлігінен туындайтын тарихилық әдісі, сондай-ақ типологиялық, феноменологиялық, герменевтикалық тәсілдермен бірге, құрылымдық-функционалдық әдісті пайдалану мейлінше нәтижелі болады. Белгілі бір конфессияны ұстанатын зерттеушілердің пікірінше, дінді түсінудің негізінде діни сенім жатуы тиіс, дінге сенетін адам ғана діннің мәнін тани алады. Таным табысты болуы үшін «діннің құралы», «іштей сезіне білу» қабілеті қажет. Өзіндік бақылау барысында зерттеушінің жеке діни тәжірибесі іштей пайымдаудың нысанына айналады да, соның нәтижесінде алынған материал дінтанулық білімді дамыту үшін барынша маңызды бола алады. Алайда өзіндік бақылаудың нәтижелері теориялық түсіндіруді қажет еткен кезде бұл зерттеушінің субъективизмге ұрыну, өз діни тәжірибесін басқа дін өкілдеріне, тіпті дінге сенбейтіндерге тану қаупі туындайды. Ал дінге сенбейтін зерттеушінің зайырлы білімі мен қазіргі заманғы ғылымның әдістерін табысты пайдалана отырып, діннің мәні мен оның әрқилы феноменін табысты түрде тануға мүмкіндігі бар. Бірақ «құрғақ» формалды-логикалық

рационализм әсері тиімді бола қоймайды. Сондықтан дінтанушының теологиядан да, теориядан да жеткілікті білімі болуы қажет.

Дінтанулық зерттеу барысында да, дүниетанымдық мәдениет қалыптастыру үшін дінтану пәнін оқыту барысында да бірқатар ұстындарды басшылыққа алу қажеттігін ескертейік. Ең әуелгі ұстын – пәнді нақты-тарихи қарастыру үстінде барынша объективтілікті ұстану. Қандай да бір діни құбылысты сипаттау барысында «қара күйе» немесе «жарық бояу» жағып, ақиқат тек бір концепцияға ғана тиесілі деген абстрактылы стереотиптен аулақ болған жөн. Мықты орныққан айғақтар бекітіліп, әлемдік философия мен дінтануда алынған нәтижелерді пайдаланып, ғылыми негізделген қағидалар баяндалуы тиіс. Тарихи құбылысты дәл қалпында баяндау үшін материалды іріктеу мен қолдануда жасанды қуыстар мен «ақтандақтар» қалыптастырмайтындай ниет болғаны дұрыс.

Келесі ұстын – дінді рухани мәдениеттің дамуы аясында қарастыру. Дінтану дінді тарих пен қазіргі заман арақатынасында қарастырады, демек, бірқатар мәдениеттанулық мәселелер шешіледі: діни-мәдени түзілімдердің қасиеттері, діни философияның, мораль мен өнердің ерекшеліктері, тіпті дінді мәдениет феномені ретінде қарастырудың өзгешеліктері айқындалады.

Тағы бір ұстын – дүниетанымдық мәселелерді адам болмысының, оның өмірі мен тіршілігінің, өлім мен өмірдің тұрғысынан талдау. Яғни, басқаша айтқанда, бірқатар мәселелер философиялық антропология тұрғысынан қарастырылады. Жалпы дүниетаным кең мағынада түсіндіріледі: дүниетаным тұтастай алғанда әлемге деген, жекелей алғанда ондағы құбылыстарға деген, адам мен адамзатқа деген, оның әлемдегі орнына деген, қоғам мен оның жекелеген салаларына деген, таным үдерісіне деген мейлінше қорытылған көзқарастарды құрастырады. Ол экономикалық, әлеуметтік-саяси, құқықтық, моральдік, көркемдік, діни, философиялық және басқа да көзқарастарды жинақтайды. Дүниетаным жаратылыстық білімдердің жиынтығын білдіретін табиғат кескінін, әлеуметтанулық білімдердің мәліметін беретін қоғамның кескінін және адамтанудың мазмұнын құрайтын адамның кескінін өз бойына қамтиды. Дүниетанымның әр алуан типтерінде (мейлі ол діни болсын немесе зайырлы болсын) мифологиялық, діни, философиялық көзқарастар идеялардың тұтас жиынтығының негізін құрайды.

Ақырында мәселелер мен материалды толерантты тілде беру ұстыны да мейлінше маңызды. Адам, қоғам және әлем туралы діни және діни емес дүниетанымдардың сұхбаты пайымдалады. Діни және зайырлы дүниетанымдардың да бірқатар қабаттары бар: 1) дүниеге деген қатынастың, әлемді саналы түсіндірудің «іргесі» мен «керегесін» құрайтын бастапқы біріктіруші түсініктер мен идеялардың жиынтығы; 2) табиғаттың, қоғамның, адамның жекелеген салаларының – ғарыштың, биосфераның, экожүйенің, экономиканың, саясаттың, моральдің, өнердің, психиканың, сананың және тағы басқаларының болмысының негіздерін түсіндіру; 3) табиғаттың, қоғамның, адамның қандай да бір құбылыстарын сипаттау. Дүниетанымда қандай да бір қоғамның типіне ғана, немесе тарихи дамудың бір кезеңіне ғана

тән қатынастарды, жекелеген этностар мен халықтардың, таптар мен кәсіби топтардың өзгеше қатынастарын бекітетін компоненттер болады. Сонымен қатар, онда жалпыадамзаттық элементтер де (объективті шынайы білімдер, ортақ адамгершілік ұстындар, көркем құндылықтар және басқалары) де болады.

Тағы бір айта кететін маңызды ұстын бұл – дінтанудың мазмұны, дидактикасы мен методикасы ой еркіндігі, ар-ождан бостандығы, дін ұстану, сенім мен сөз бостандығы туралы халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтық құжаттарға қайшы келмеуі тиіс. Мұндай маңызды құжаттардың қатарына БҰҰ 1948 жылы 10-желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы, 1966 жылдың 16-желтоқсанында қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 2011 жылдың 11-қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы жатады.

Сонымен, қорыта айтқанда, дүниетаным адам мен қоғамның тұтастай алғанда әлдемге және жекелей алғанда ондағы алатын өзінің орнына, өз өмірінің мәніне және адамзаттың тағдырына деген қорытылған көзқарастардың жүйесі; адамдардың байыпты ғылыми, философиялық, әлеуметтік-саяси, құқықтық, моральдық, эстетикалық және діни құндылықтық бағдарларының, көзқарастарының, наным-сенімдерінің және мұраттарының жиынтығы.

Дүниетаным, оның ішінде діни дүниетаным, дінтанулық ғылыми біліммен қуатталған діни дүниетаным адамның барлық практикалық және теориялық әрекеті үшін бағдар бере алады, өз әрекеті барысында қол жеткізуі тиіс мақсаттарды қоя білуге мүмкіндік береді. Өз дүниетанымындағы құндылықтық бағдарлардың негізінде адам өмір мен мәдениеттегі шынайы құндылықтарды таба алады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӘСЕРІ ЫҚТИМАЛ ФАКТОРЛАР

Алпысбаев Ж.Т.

Рудный индустриалық институтының тәрбие істері жөніндегі проректоры, саяси ғылымдар кандидаты, Қостанай облысы, Рудный қаласы.

Дамыған полиэтникалық мемлекеттердің іс-тәжірибесінде этносаралық қатынастардың бейбіт әрі демократиялық жолмен қалыптасып, өріс алуына ықпал ететін 2 факторды: материалдық және рухани құндылықтарды атап өту қажет. Мемлекетті мекен ететін әрбір этнос пен этникалық топтардың материалдық-экономикалық қажеттіліктері мен діни-рухани құндылықтары тарихи-мәдени негізде қанағаттандырылмаса, сол мемлекеттегі этносаралық татулық пен өзара келісім туралы сөз қозғаудың қисыны жоқ.